

Әкімшілік право бұзушылық туралы заңдарды соттардың қолдану тәжірибесі туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақ КСР Жоғарғы Соты Пленумы 1989 жылғы 31 наурыз N 2. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 26 қарашадағы N 18 Нормативтік қаулысымен.

Әкімшілік право бұзушылық туралы заңдарды соттардың қолдану практикасын жинақтап қорыту нәтижелерін талқылай келіп, Пленум олардың осы категориядағы істерді қарау жөніндегі қызметінде елеулі кемшіліктер мен қателіктер бар екендігін атап көрсетеді.

Көптеген реттерде материалдар Әкімшілік право бұзушылық туралы кодекстің жасалған әкімшілік право бұзушылықтың мән-жайын және право бұзушының кім екені жөніндегі мәліметтерді анықтау туралы 249-статьясының талаптарына сай келмейді, ал соттар олардың толық болуына тиісінше талап қоймайды.

Іс-әрекетінде қылмыстық жауапқа тартуға болатын нышандары бар адамдарды әкімшілік жауапқа тарту фактілері кездеседі, сонымен қатар іс-әрекетінде әкімшілік қылық көзделмейтін адамдарды әкімшілік жауапқа тарту жағдайлары аз емес.

Әкімшілік қадағалау ережелерін бұзушылық туралы істер бойынша әкімшілік қадағалау белгілеудің негізділігі әрдайым тексеріліп отырмайды, қадағалаудағы адамның іс-әрекеті ішкі істер органдарының бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға әкімшілік қадағалау жасау туралы Ереже бойынша көзделген ережелерді бұзушылық болып табыла ма, соны анықтайды.

Қоғамдық орындарда спирт ішімдіктерін ішуге немесе мұндай орындарға мас күйде келуге байланысты әкімшілік право бұзушылық туралы істер бойынша бұдан бұрын жасалған право бұзушылық үшін әкімшілік жаза қолдануға байланысты мән-жайлар әрдайым толық зерттеліп отырмайды, соңғы право бұзушылықтың мәні және басқа мән-жайлар жан-жақты анықталмайды.

Кейбір соттар Әкімшілік право бұзушылық туралы кодекстің 178-статьясының 3-бөлігі бойынша соттың адамды әкімшілік жазаға тартуы мүмкін болатын жағдайларды ескермейді.

Ұсақтап ұрлау туралы істер бойынша судьялар бұл әкімшілік жауапқа әкеп соқтыратындай ұсақтап ұрлау болып табыла ма немесе қылмыстық жаза көздейтін едәуір ұрлық па, соны әрдайым анықтап отырмайды, ұрланған заттың

саны (салмағы, көлемі), бағасы, оның халық шаруашылығы үшін маңыздылығы туралы мәліметтерді айқындамайды.

Судьялар әкімшілік право бұзушылық ретіндегі ұсақ бұзақылықты қылмыстық жаза қолданылатын іс-әрекеттен ажыратқан кезде қателіктерге жиі-жиі жол береді. Адамға күш көрсетіп, жәбірленушінің денесіне зақым келтіру арқылы бұзақылық іс-әрекет жасаған адамдарды әкімшілік жауапқа тарту фактілері жойылмаған. Бірқатар реттерде адамдардың Қылмыстық кодекстің 97, 99-статьяларының нышандарына жататын іс-әрекеті ұсақ бұзақылық деп бағаланады.

Судьялар семьядағы ұрыс-жанжал фактілері жөніндегі материалдарды қараған кезде қателіктер кездеседі. Іс-әрекеті қоғамдық тәртіпті бұзуға қатысы жоқ адамдар кейде әкімшілік жауапқа тартылады.

Ұсақ алыпсатарлық туралы істерді қараған кезде судьялар право бұзушылықтың мән-жайын үстіртін зерттейді, сатып алынған және қайта сатылған товарлардың мөлшерін, санын, бағасын, тапқан пайданың мөлшерін, айыпкердің пиғылының бағытын анықтамайды.

Милиция қызметкерінің немесе халық жасақшысының заңды жарлығына немесе талабына қасақана бағынбау туралы істер бойынша анықтама органдары мен судьялар бұл бағынбаушылық милиция қызметкерінің немесе жасақшының қоғамдық тәртіпті қорғауға байланысты қойылатын заңды талаптарын орындамауға байланысты болуға тиіс екендігін әрдайым ескеріп отырмайды.

Мас күйінде ұсталған және осындай жағдайда милиция қызметкерлерін балағаттап қорлаған, өздерін милиция органдарына жеткізуге қарсылық көрсеткен адамдардың іс-әрекетін судьялар әртүрлі бағалайды. Бұл право бұзушылықтың бәрі бірдей дербес квалификациялана бермейді.

Заңда көзделмеген жазаны қате қолдану не жазаның заң санкциясында көзделген ең аз немесе ең көп мөлшерінен ауытқу фактілері кездесіп отырады.

Әкімшілік право бұзушылық туралы кодекстің 37-статьясын бұза отырып, кейбір соттар әкімшілік жауапқа тартудың ескіру мерзімі өтіп кеткен соң жаза қолданады.

Право бұзушы келтірген мүліктік залалды өтеу мәселесі жөнінде қате шешім шығару фактілері аз емес.

Әкімшілік право бұзушылық туралы кодекстің 271-статьясында көзделген істерді қарау мерзімдері әрдайым сақталып отырмайды.

Әкімшілік жаза қолдану туралы сот қаулыларының орындалуына байланысты қателіктер кездеседі.

Осы категориядағы істер көшпелі мәжілістерде сирек қаралады, әкімшілік право бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы ұсыныстар қажет болған реттердің бәрінде бірдей енгізіліп отырмайды.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Пленумы қаулы етеді:

1. Республика соттарының назары әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарау жөніндегі жұмыста орын алып отырған кемшіліктерді жоюға, әрі жоюға, әрбір істің заңды қатаң сақтау негізінде уақытылы және дұрыс қаралуын қамтамасыз ету қажеттігіне аударылсын.

2. Әкімшілік право бұзушылық туралы іс келіп түскен кезде судья бұл іс Әкімшілік право бұзушылық туралы кодекстің 216-статьясына сәйкес соттың қарауына жата ма, соны анықтауға тиіс. Істің қарасты еместігі анықталған ретте іс қаралмастан оны жіберген органға немесе лауазымды адамға қайтарылады.

3. Әкімшілік право бұзушылық туралы кодекстің 249-статьясына сәйкес әкімшілік право бұзушылық туралы протоколда оның жасалған датасы мен орны, протоколды жасаған адамның қызметі, фамилиясы, аты, әкесінің аты; право бұзушының кім екені туралы мәліметтер; әкімшілік право бұзушылық жасалған орын, уақыт және оның мәні; сол право бұзушылық үшін жауаптылық көздейтін нормативтік акт; егер бар болса, куәлар мен жәбірленушілердің фамилиялары, адрестері; тәртіп бұзушының түсініктемесі, істі шешу үшін қажетті өзге де мәліметтер көрсетілуге тиіс екендігін ескеріп, соттар әкімшілік право бұзушылық туралы келіп түсетін материалдардың толық болуына қажетті талап қойып отыруы керек.

Әкімшілік право бұзушылық туралы істі қарауға қабылдаған судья жеткізілген адамның кім екенін анықтауға, сотқа берілген материалдарда және әкімшілік жауапқа тартылып отырған адамның түсініктемесінде баяндалған мәліметтерді ескере отырып, оқиғаның нақты мән-жайын анықтауға, қажет болған реттерде куәларды шақыртуға немесе қосымша материалдар сұратып алдыртуға міндетті.

4. Әкімшілік қадағалау тек қана ішкі істер органдарының бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға әкімшілік қадағалау жасау туралы Ережеде көзделген негіздер бойынша белгіленуі мүмкін екенін ескеріп, соттар қадағалау ережелерін бұзу туралы істерді қараған кезде оны белгілеудің және ұзартудың заңдылығы мен негізділігін тексеруге тиіс, бұл орайда қадағалау алты айдан бір жылға дейінгі мерзімге қолданылатыны ескеріледі. Қажет болған реттерде қадағалау бұрын белгіленген мерзім аяқталғанға дейін тағы да алты айға ұзартылуы мүмкін, бірақ бұл сол қылмыс үшін соттылығын жоюға немесе соттылығынан арылуға арналып заңда көзделген мерзімнен аспауға тиіс.

5. Қоғамдық орындарда спирт ішімдіктерін ішуге немесе осындай орындарға мас күйде келуге байланысты әкімшілік право бұзушылық туралы істер бойынша судья бұдан бұрынғы право бұзушылық үшін әкімшілік жаза қолдануға байланысты мән жайларды толық зерттеуі және Әкімшілік право бұзушылық туралы кодекстің 178-статьясының 3-бөлігі бойынша жыл ішінде тап сондай

право бұзушылық үшін әкімшілік жазаға тартылған адам жасаған әрекет үшін ғана жаза қолданылуы мүмкін болатынын ескеріп, қаралып отырған право бұзушылықтың мәнін анықтауы қажет.

Осы істер бойынша, егер істі қарау кезінде адамның ішкі істер органдарына қарасты право бұзушылық жасауға кінәлі екендігі (Әкімшілік право бұзушылық туралы кодекстің 178-статьясының I және II бөліктері) анықталған реттерде де, судья істі бұл органдардың қарауына бермей, өзі шешім қабылдайды.

6. Соттар СССР Жоғарғы Соты Пленумының "Маскүнемдік пен алкоголизмге қарсы күресті күшейтуге бағытталған заңдарды соттардың қолдану практикасы туралы" 1985-жылғы 1-ноябрьдегі N 15 қаулысының 3-тармағында баяндалған түсініктемелерге сәйкес, СССР Жоғарғы Советі Президиумының "Маскүнемдікке қарсы күресті күшейту туралы" 1985 жылғы 16-майдағы Указының 2-статьясында көзделген жұмысшылар мен қызметшілерге өндірісте спирт ішімдіктерін ішкені немесе жұмысқа мас күйде келгені үшін, сондай-ақ осы статьяда аталған басқа да право бұзушылық үшін әрі тәртіптік, әрі әкімшілік жазалау шараларын бір мезгілде қолдану, егер бұл право бұзушылық жұмыс уақытында жасалған ретте, мүмкін болатынын ескеруі керек.

Кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның бөлмелерінде, территориясында жұмыстан тыс уақытта спирт ішімдіктерін ішу немесе мас күйде келу әкімшілік жаза қолдануға әкеп соқтырады.

7. Судьялар ұсақтап ұрлау туралы істерді қараған кезде ұрлық әкімшілік жауапқа әкеп соқтыратын ұсақтап ұрлау ма, немесе қылмыстық жаза қолдануды көздейтін елеулі ұрлық болып табыла ма, соны анықтауы, ұрланған заттың бағасын (50 сомға дейін) ғана емес, сондай-ақ оның санын, салмағын, мөлшерін және халық шаруашылығы үшін маңыздылығын ескеруі қажет.

Судьялар келтірілген залалды заттай өтету мүмкін болмаған жағдайда қолданылып жүрген коэффициенттер мен нарықтарды ескеріп, право бұзушылардан ұрланған заттың құнын өндіру арқылы залалдың орнын толтыру жөнінде шаралар қолдануы керек.

8. Ұсақ бұзақылық, милиция қызметкерінің немесе халық жасақшысының заңды жарлығына немесе талабына қасақана бағынбау және ұсақ алыпсатарлық туралы істерді қараған кезде жасалған право бұзушылықтың барлық мән-жайын толық зерттеп, анықтау қажет, бұл орайда аталған право бұзушылықты жасамаған азаматтарды негізсіз әкімшілік жауапқа тартуға да, қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесі жағынан іс-әрекеті қылмыстық жаза қолданылатын іс ретінде қаралуға тиіс адамдарды мұндай жауапқа тартуға да жол берілмеуге тиіс.

Мұндай істерді қараған кезде судья егер тәртіп бұзушыға әкімшілік әрекет ретінде тағылған іс-қимыл Қылмыстық кодекстің 200, 171-1 және 168-статьяларына сәйкес көзделген қылмыстық жаза болып табылады деген

тұжырымға келсе, ол қосымша тексеру жүргізіп, қылмыстық іс қозғау туралы мәселені шешу үшін істі прокуратура, милиция органдарына жіберу жөнінде қаулы шығарады.

9. Егер әкімшілік право бұзушылық туралы істі қараған кезде адам заңға қарсы басқа да әрекет жасап, ол үшін әкімшілік немесе қылмыстық жауапқа тартылуы мүмкін екені анықталса, судья тәртіп бұзушыға әкімшілік жаза қолданып, тиісті материалдарды әкімшілік право бұзушылық туралы протоколды рәсімдеуге праволы лауазымды адамға немесе органға жіберуге тиіс.

10. Әкімшілік право бұзушылықты жасауға кінәлі адамдарға жаза қолданған кезде даралап қарау принципін қатаң сақтау қажеттігіне соттардың назары аударылсын. Әкімшілік право бұзушылық туралы кодекстің 32-статьясына сәйкес судья жаза қолданған кезде жасалған право бұзушылықтың сипатын, право бұзушының кім екенін, оның кінәсінің дәрежесін, мүлктік жағдайын, жауапкершілікті жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды ескеруге тиіс.

Әкімшілік жаза заңның санкциясына қатаң сәйкес қолданылуға тиіс. Жазаның басқа түрін, жазаны заңда белгіленген ең көп мерзімнен асырып, немесе төменгі деңгейден кемітіп қолдануға жол берілмейді.

Жасалған право бұзушылықтың маңызы шамалы болған жағдайда судья тәртіп бұзушыны әкімшілік жауапкершіліктен босатып, ауызша ескертумен шектелуі мүмкін.

11. Право бұзушылықтың алдын алуға жұртшылықтың назарын аудару, әкімшілік право бұзушы адамдардың төңірегінде ымырасыздық пен моральдық айыптау ахуалын туғызу мақсатында, қажет болған реттерде, істер қоғамдық ұйымдар мен еңбек коллективтерінің өкілдерін қатыстыра отырып қаралсын және кеңінен жарияланатын болсын.

12. Қазақ ССР-нің Әкімшілік право бұзушылық туралы кодексінің 280, 288-статьяларына сәйкес әкімшілік жаза қолдану туралы халық судьясының қаулысы тұжырымды болып табылады және оған әкімшілік право бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу тәртібімен шағым беруге болмайды, алайда прокурордың протесті бойынша оны халық судьясының өзі, сондай-ақ прокурордың наразылығының бар-жоғына қарамастан жоғары тұрған халық сотының председателі бұзуы немесе өзгертуі мүмкін.

13. Облыстық және Алматы қалалық соттары әкімшілік право бұзушылық туралы істерді шешудің заңдылығы мен негізділігіне сот қадағалауын күшейтсін.

Мамандар:

(Қасымбеков Б.А.)

(Икебаева Ә.Ж.)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК